

**«АСТРАХАН АУЫЛЫНЫҢ №1 МЕКТЕП - ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ТІРЕК МЕКТЕПТЕРІМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**



Астрахан ауылы

Тірек мектептерімен 2025 – 2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының есебі

Тақырыбы: "Сапалы білім – барлығымызға қолжетімді"

Мақсаты: жетекші мектеп педагогтарының білімін тереңдетуге, жетілдіруге бағыттау, әдістемелік тұрғыда қолдау көрсету, кәсіби дамуына ықпал ететін қызметті жүзеге асыру

Тапсырмалар:

1. мәселелерді анықтау;
2. іс-шараларды өткізуге, құжаттаманы жүргізуге әдістемелік көмек көрсету.
3. қызмет нәтижелерін және білім беру сапасын арттыру.

Жетекші мектептің миссиясы: «Магниттік мектептердің жұмысын тиімді үйлестірудегі жетекші мектептің көшбасшылығы»

Тақырыптың өзектілігі: жетекші мектептің негізгі басымдық беретін қызметі – магниттік мектептерге қолдау көрсету. Жетекші мектептің басты ұстанатын қағидаттары білім саласындағы қандай болмасын жаңалықтар мен өзгерістерге ашық болу, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлау, үнемі кәсіби даму. Бекітілген мектептердің жұмысын тиімді үйлестіру үшін тәжірибе алмасу, жаңа идеялар жинау, көшбасшылық арқылы кәсіби жетекшілік орнатудың маңыздылығы. Жетекшілік жұмысын тиімді ұйымдастыруға оң ықпал ететін факторларды қарастыру қазіргі кезде маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

ЖМ мақсаты: магниттік мектеп педагогтарының білімін тереңдетуге, жетілдіруге бағыттау, әдістемелік тұрғыда қолдау көрсету, кәсіби дамуына ықпал ететін қызметті жүзеге асыру.

ЖМ міндеттері:

- педагогикалық тәжірибені сәтті тарату, кеңінен насихаттау алаңын құру;
- шығармашылық топтар жұмысын жандандыру;
- ынтымақтастықта әдістемелік желілік құрылымдардың жұмысын әріқарай дамыту;
- үздік әдістемелік ресурстар қорын құру, тарату;
- педагогикалық қызметкерлерді курстан кейін қолдау бағытында іс-шараларды ұйымдастыру;
- оқыту мен оқуда нәтижеге бағытталған тәсілдерді қолдануда кедергілерді анықтау, мәселені шешуде іс-шаралардың тиімділігін мониторингілеу;
- оқыту мен оқуды ары қарай модернизациялауға арналған қажетті тәжірибенің инновациялық ресурстарын жинақтау және тарату үдерісінде педагогтарға қолдау көрсету.
- оқу мен оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдердің тәжірибедегі қолданысына мониторинг жасау;

Күтілетін нәтиже:

1. Педагогтардың шығармашылық насихаттау алаңы құрылады;
2. Зерттеушілік жұмыстарының нәтижелері таратылады;
3. Тәжірибе алмасудың тиімді құрылымы қалыптасады;
4. Педагогтардың ғылыми-әдістемелік күзінеттілігін дамытуда тиімді жағдай жасалады;

5. Жетекші және серіктес мектептердің ортақ әдістемелік ресурстар қоры жинақталады;
6. Білім беру мазмұнын жаңарту үдерісіне мониторинг жасалады;
7. Педагогикалық қызметкерлерді курстан кейінгі колдау жүзеге асырылады;
8. Педагогтар белсенді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде тиімді қолданады;
9. Оқу мен оқытуды модернизациялауға арналған қажетті тәжірибенің инновациялық ресурстары таратылады.

Жалпы ақпарат: 38

□ мұғалімдер саны:

Педагог–зерттеуші 10 мұғалімдер

Педагог-сарапшы 10 мұғалімдер

Педагог-модератор 8 мұғалімдер

Санаты жоқ: 10 мұғалім

- Пән бойынша мұғалімдердің саны: 34

Пәні	Педагог-шебер	Педагог–зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ	Барлығы
Бастауыш сынып		4	3	1	1	9
Қазақ тілі		2			2	4
Орыс тілі			2			2
Математика			1	1		2
Ағылшын тілі			1		2	3
География		1				1
Биология		1				1
Химия		1	1			2
Физика		1				1
Тарих				2		2
Дене шынықтыру				1	3	4
Музыка				1		1
Информатика			1		1	2
Технология			1	1		2
Даярлық сынып				2		2
Әлеуметтік педагог					2	2
Психолог					1	1
Логопед					2	2
Қорытынды	0	10	10	9	14	42

Мектептер	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ	барлығы
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	0	2	6	15	14	37
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жарсуат ауылының негізгі орта мектебі» КММ	0	0	3	1	7	11
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ	0	0	3	1	6	10
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Бірлік ауылының негізгі орта мектебі» КММ	0				2	2
«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	0	2	4	3	12	21

Жетекші мектептердің саны: 5

№	Серіктес мектептің атаулары	Жетекші мектептің атауы
1	«Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	«Астрахан ауылының №1 мектеп - гимназиясы» КММ
2	«Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	
3	«Бірлік ауылының негізгі орта мектебі» КММ	
4	«Жарсуат ауылының негізгі орта мектебі» КММ	
5	«Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ	

2025-2026 оқу жылында тамыз айында тірек мектептермен жоспарға сай мектеп әкімшілігімен дөңгелек үстел өтті. 2025–2026 оқу жылына арналған РУП, ТУП бойынша мемлекеттік білім беру стандартына және жаңартылған білім беру мазмұны талаптарына сәйкес, оқу жүктемесі, пәндік сағаттар, үйірмелер мен қосымша курстар реттеліп, барлық сыныптарға арналған оқу жоспары таныстырылды. Оқу жылының басталуына дейін РУП және ТУП толықтай құрастырылып, педагогикалық кеңесте мақұлданып, мектеп директорының бұйрығымен бекітілді. Барлық сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері жоспармен таныстырылатыны айтылды.

Аттестациядан өтетін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, біліктілік талаптарына сай келуін қамтамасыз ету мақсатында аттестациядан өтетін педагогтердің нақты тізімін бекіту. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін бекіту, әдістемелік көмек көрсету, портфолио, рефлексивті есеп, сабақ жоспарлары мен видеосабақ үлгілерін дайындау бойынша жұмыстар жүйелі жолға қойылуы туралы айтылды. Бекітілген мектеп әкімшілігі толық келді.

2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында мектеп ұжымы арасында тәлімгерлік үдерісі жүйелі түрде ұйымдастырылды. Тәлімгерлік — жас маманға кәсіби ортаға бейімделуіне, педагогикалық шеберлігін шыңдауға және оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға мүмкіндік беретін тиімді тәжірибе алмасу алаңы.

Мектепте тәжірибелі 5 педагог тәлімгер ретінде бекітіліп, 5 жас маманмен жұмыс жүргізді. Тәлімгерлік жоспары құрылып, оған сәйкес:

- Ашық сабақтар мен бірлескен талдаулар ұйымдастырылды;
- Пәндік әдістемелер мен критериалды бағалау жүйесі үйретілді;
- Құжат жүргізу, ҚМЖ құрастыру, оқушымен жұмыс жүргізу бағыттары қамтылды;
- Жас мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсетілді.

Әр тәлімгер өз тәжірибесін бөлісіп қана қоймай, жас мамандардың рефлексия жасауына, кәсіби дамуына бағыт-бағдар берді. Нәтижесінде жас мамандардың сабақ беру сапасы артты, құжат жүргізу мен сыныппен жұмыс жүргізу қабілеттері қалыптасты.

Қорытынды: Тәлімгерлік – педагогтің кәсіби дамуына жол ашатын, үздік тәжірибені таратуға ықпал ететін маңызды құрал. Мектеп ішінде ынтымақтастық мәдениеті мен қолдау ортасы қалыптасты. Алдағы уақытта тәлімгерлік аясын кеңейтіп, Lesson Study, шеберлік сабақтар, педагогикалық коучингтермен жалғастыру жоспарлануда.

«Жарсуат ауылының негізгі орта мектебі» КММ де 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында сыныптар бойынша оқу үлгеріміне талдау жүргізілді. Талдау барысында сынып журналдары, қалыптастырушы бағалау (ҚБ), жиынтық бағалау (ЖБ) нәтижелері және күнделікті сабақтағы бақылау жұмыстары қарастырылды. Жүргізілген талдау нәтижесінде кейбір оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейі төмен екендігі анықталды. Бұл оқушылардың біліміндегі олқылықтар көбінесе негізгі оқу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуымен, оқу мотивациясының төмендігімен және тапсырмаларды орындау барысында қиындықтардың болуымен байланысты екені байқалды. Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау мақсатында пән мұғалімдерімен бірлесіп жұмыс жүргізіліп, әр сынып бойынша білім сапасына талдау жасалды. Нәтижесінде үлгерімі төмен оқушылардың тізімі жасалып, олардың пәндер бойынша біліміндегі қиындықтары айқындалды. Аталған оқушылармен жүйелі түрде қосымша жұмыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

- жеке және шағын топтық сабақтар өткізілді;
- жеңілдетілген және сараланған тапсырмалар берілді;
- біліміндегі олқылықтарды толықтыру мақсатында қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- ата-аналармен байланыс орнатылып, оқушылардың оқуына қолдау көрсету бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, кері байланыс жұмыстары ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде үлгерімі төмен оқушылар анықталып, олардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Мұғалімдердің қолдауы мен қосымша

тапсырмалардың берілуі оқушылардың оқу материалын меңгеруіне оң әсерін тигізуде. Алайда кейбір оқушыларға әлі де тұрақты бақылау мен жүйелі қолдау қажет.

«Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ-де қазан айында мектеп мұғалімдері арасында цифрлық білім ресурстарын тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру және заманауи ІТ құралдарын меңгеру мақсатында практикалық коучинг пен тәжірибе алмасу сабағы өткізілді. Іс-шараға пән мұғалімдері, жас мамандар және әдістемелік бірлестік жетекшілері қатысты. Коучинг барысында төмендегі бағыттар қарастырылды: Цифрлық білім ресурс-тарын қолдану тәжірибесі Bilimland, Moodle, Classroom, Kahoot, Quizizz сияқты платформалардың мүмкіндіктері таныстырылды. Сабақта интерактивті жаттығуларды, онлайн тесттерді, видео және анимациялық ресурстарды тиімді пайдалану жолдары көрсетілді.

Оқушының жеке оқу траекториясын құруда цифрлық платформалардың рөлі талқыланды. Практикалық бөлім: Мұғалімдер шағын топтарда жұмыс жасап, цифрлық тапсырмалар дайындап көрді. Интерактивті тақтамен жұмыс істеу, оқу контентін жүктеу және өңдеу бойынша практикалық дағдылар бекітілді. Қашықтан оқыту құралдарын сабақ жоспарына енгізу әдістері пысықталды. Мұғалімдер өз пәніне қатысты қолданатын жаңа бағдарламалар мен қосымшаларды таныстырды. Өріптестер арасында цифрлық құралдарды қолдану бойынша лайфхактар мен тиімді әдістер бөлісті. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға арналған ұсыныстар жинақталды.

Қабылданған шешімдер:

ӘБ бойынша цифрлық контент банкін құру.

Әр мұғалімге пән бойынша кемінде бір цифрлық тапсырмалар топтамасын әзірлеу.

Цифрлық ресурстарды жүйелі түрде сабақ жоспарларына енгізу.

Ай сайын ІТ тәжірибе алмасу отырыстарын өткізу.

Қорытынды: Өткізілген практикалық коучинг мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, цифрлық ресурстарды қолдану тиімділігін күшейтуге және ІТ бағытында тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Педагогтер өз сабақтарын цифрландыруға, оқушы қызығушылығын арттыруға және оқу үдерісінің сапасын жақсартуға бағытталған жаңа идеялар мен құралдар алып шықты.

https://www.instagram.com/reel/DR_kG3NjA61/?igsh=ODV3bzN1eHN0bGk5

2025 жылғы желтоқсан айында «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің информатика пәні мұғалімі Оспанов Дулаттың қатысуымен коллаборациялық сабақ өткізілді.

Коллаборациялық сабақтың тақырыбы – «Робототехника».

Сабақ барысында білім алушылар робототехника негіздерімен танысып, практикалық тапсырмалар орындады. Оқушылар робот құрастыру, бағдарламалау элементтерін қолдану арқылы өздерінің логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және командалық жұмыс дағдыларын дамытты.

Сабақ интерактивті форматта ұйымдастырылып, заманауи цифрлық ресурстар мен робототехникалық жабдықтар тиімді қолданылды. Іс-шараға қатысушылар жоғары белсенділік танытып, коллаборациялық сабақ өз мақсатына толық жетті.

Өткізілген сабақ педагогтар арасындағы тәжірибе алмасуға және білім алушылардың техникалық бағыттағы қызығушылығын арттыруға оң ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DScehJPjlgx/?igsh=MWZvc2U5MnJraHZ0cA==>

"Өндіріс ауылының ЖОББМ" КММ-де пән мұғалімдерінің қатысуымен қараша айында Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижелерін талдауға арналған дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында бағалау нәтижелерін саралау, оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары, жиынтық бағалау тапсырмаларын жетілдіру мәселелері талқыланды.

Талқылау барысында төмендегі маңызды жайттар анықталды:

БЖБ нәтижелерін талдау. Оқушылардың тақырыптарды меңгеру деңгейінде айырмашылықтар бар екені байқалды.

Қиындық тудырған сұрақтар мен тапсырма түрлері айқындалды. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін БЖБ тапсыруға дайындықта тиімді қолдану қажеттігі аталды. ТЖБ

нәтижелерін талдау. Тоқсандық жұмыстың күрделілік деңгейі мен оқушылар дайындығы арасындағы байланыс қарастырылды. Кейбір оқушылардың уақытты тиімді пайдалана алмауы және жоғары деңгей тапсырмаларында қиналуы талқыланды. ТЖБ критерийлерін нақты түсіндіру мен дайындық барысында саралап оқыту әдістерін қолдану қажеттігі атап өтілді.

Мұғалімдер пікірі мен ұсыныстар. Жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруда саралау тәсілдерін күшейту ұсынылды. Қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша түсіндіру сабақтарын өткізу. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмаларды көбейту.

Қабылданған шешімдер. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес қайта қарап, жетілдіру. Бағалау критерийлерін оқушыларға жүйелі түрде түсіндіріп отыру. Әр бөлім соңында оқушылардың білім олқылықтарын анықтап, түзету жұмыстарын ұйымдастыру.

ТЖБ нәтижелері бойынша тоқсандық мониторинг жүргізіп, ата-аналармен кері байланыс орнату. Оқушылардың жоғары деңгейлі тапсырмалар орындау дағдыларын дамыту мақсатында қосымша дайындық сабақтарын өткізу.

Қорытынды:

Өткізілген дөңгелек үстел мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуды, бағалау сапасын арттыруға бағытталған тиімді ұсыныстар қабылдауды қамтамасыз етті. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін жүйелі талдау білім сапасын жақсартуға және оқушылардың оқу жетістігін арттыруға ықпал ететіндігі атап өтілді.

<https://www.instagram.com/reel/DSCMiNSDDkT/?igsh=cGQzYWZlbDFxczY2>

«Өндіріс ауылының ЖОББ» мектебінде оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру және олардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында "Зерттеу жұмыстары апталығы" ұйымдастырылды. Апталық барысында пән мұғалімдері тарапынан бағыт-бағдар беру, тақырып таңдауда көмек көрсету, материал жинақтау, зерттеу әдістерін түсіндіру және жобаны рәсімдеу бойынша жүйелі жетекшілік пен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Мұғалімдер оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, өзекті және практикалық маңызы бар зерттеу тақырыптарын ұсынды. Әр оқушыға жеке жоспар жасалып, жұмыс кезеңдері (мақсат, міндет, болжам, әдістер, тәжірибе, қорытынды) нақты айқындалды. Ғылыми әдебиеттерді іздеу жолдары, деректерді сараптау, сұрыптау дағдылары түсіндірілді.

Табиғаттану, биология, физика, химия пәндері бойынша қажетті құралдармен қамтамасыз етіліп, қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Жазбаша мәтінді ғылыми стильге сәйкестендіру, презентация жасау, нәтижелерді график, кесте түрінде көрсету бойынша нұсқаулық берілді.

Белгіленген кесте бойынша әр пән мұғалімі оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, туындаған қиындықтарды талқылады.

Дарынды әрі белсенді оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Топтық кеңестерде ортақ мәселелер бірге талданып, тиімді шешу жолдары ұсынылды.

Ғылыми мақалалар, онлайн кітапханалар, дереккөздер бойынша ақпарат ұсынылды.

Жұмыстарын қорғау үшін сөйлеу мәдениеті, уақытты тиімді бөлу, визуалды материалдар таңдау бойынша кеңестер берілді.

2025 жылғы 4 қараша күні Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Жас педагог: кәсіби дамудың заманауи форматы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

Аталған семинар жас мамандардың кәсіби дамуын қолдау, педагогикалық тәжірибе алмасу және білім берудің заманауи форматтарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Семинар жұмысына: білім бөлімінің басшысы П.Ю. Барахоева, «Jas pedagog» Ассоциациясының мүшелері, ауданның жас педагогтары қатысты.

Іс-шара барысында қатысушылар заманауи білім беру үрдістерін талқылап, жасанды интеллектті сабақ үдерісінде қолдану, оқу сауаттылығын дамыту, ұлттық құндылықтарды оқушы

бойына сіңірудің тиімді тәсілдері бойынша тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, семинар аясында практикалық workshop және кейс-сессиялар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты.

Семинардың қорытынды бөлімінде жас педагогтарға сертификаттар табысталып, алдағы уақытта жұмысты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар қабылданды. Маңызды іс-шаралардың бірі ретінде «Жас педагог» Ассоциациясына қабылдау рәсімі өткізіліп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Өткізілген аудандық семинар жас педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық қоғамдастықты нығайтуға және білім беру сапасын жетілдіруге ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DREvgbLj6XI/?igsh=MXgxcGd2a3Rrd294Yw%3D%3D>

«Астрахан ауылының №1 мектеп- гимназиясы» КММ- де қараша айында 5-9 сыныптармен мектеп кітапханасында «Балалар кітапханасы жобасы» аясында оқушылар мен «Мен оқыдым, сенде оқы», «Оқимын тұжырымдаймын», «Үзілісте кітап оқимыз» тақырыптарында іс шаралар жүргізілді. Іс-шаралар барысында оқушылар өздерінің оқыған шығармалары туралы бір-бірімен ой-пікірлерімен бөлісіп, ондағы кейіпкерлерге сипаттама беріп, оқиға желісіне талдау жасап, бір біріне оқуға ұсынды. Сонымен бірге күзгі демалыс уақытында оқушылар «Гайдбук» заманауи технологияларды пайдалану арқылы арнайы жасалған QR кодтарды сканерлеп, сол арқылы электронды кітаптарды оқыды. «Үзілісте кітап оқимыз» атты кітап оқу сағатында оқушылар Абайдың қара сөздерін және қызықты ертегілер оқып өз ара пікірлерімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/reel/DQwMDW-iAMy/?igsh=djgwNXBnY2h3MzJk>

https://www.instagram.com/p/DQixRf_j10Q/?igsh=MW5wcDhbbGgzbWcxaw==

<https://www.instagram.com/p/DQ3oZNoiCsa/?igsh=b2N6eXFrZzZiMzgy>

<https://www.instagram.com/p/DRmkyqfiNZn/?igsh=MWsyenRrbmFhc2MyZg==>

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында өткізілген "Мен оқыдым — сен де оқы" және "Оқимын — тұжырымдаймын" тақырыбындағы іс-шараларға анықтама: Мақсаты: Балалар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру;

Оқырмандардың бір-бірімен оқыған кітаптары жайлы ой бөлісуіне жағдай жасау; Буккроссинг элементтері арқылы оқуды насихаттау. – Балалардың оқыған кітабына байланысты сыни ойлауын, тұжырым жасау қабілетін дамыту; Кітапты тек оқу емес, түсіну, бағалау және пікір білдіру дағдыларын қалыптастыру.

Бұл іс-шаралар оқушылардың оқу сауаттылығын арттырып, кітаппен достасуына, ойын нақты жеткізуіне және кітапханамен тығыз байланыс орнатуына ықпал етті.

2025 жылдың 11 желтоқсан күні "Жол картасы" жоспары аясында "«Астрахан ауылының №1 мектеп - гимназиясы» КММ-де бекітілген тірек мектептеріне көмек көрсету мақсатында "Табысты шешімдерді жалпылау, бейімдеу және таныстыру» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Семинарға «Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ, «Караколь НББМ», «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ мектептері қатысты.

Мақсаты:

Мұғалімдерге тиімді тәжірибені жинақтап, бейімдеп, өз іс-тәжірибесіне енгізу жолдарын үйрету, зертхана-кейс форматымен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Мұғалімдер табысты шешімді талдайды, бейімдейді
- «Үздік практикалық зертхана-кейс» форматын меңгереді
- Өз пәнінде қолдануға дайын жоба әзірлейді

Семинар бағдарламасы:

1. Семинардың ашылуы. Құттықтау сөз. Мектеп директоры Шонгалова Г.Б.
2. «Тірек мектеп пен бекітілген мектептердің нәтижелі өзара әрекеттесу формалары: бірге жоспарлаймыз» семинар сабақ . ДОЖО Отениязова А.А.
3. «Зерде ғылыми жобалар» байқауы . Шебер сынып Казанбаева А.А.
4. «Мектептегі ғылыми жобаларды сүйемелдеу моделі: идеядан жобаға» баяндама Ищанова Зарина Тайпаковна. «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ
5. «Бастауыш сынып сабақтарында табысқа жеткізудің тиімді әдіс-тәсілдері» шебер сынып «Караколь НББМ». Бастауыш сынып мұғалімі Калиева Асемгуль Тлековна
6. «Ата-аналармен серіктестік форумы», «ШЖМ: шығармашылық және ізденіс мектебі» педагогі іс - тәжірибемен бөлісу. Холғанат Дәнекер «Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ-нің ДТІЖО
7. «Авторлық бағдарламалар» іс-тәжірибемен бөлісу. ДОЖО. Оспанов Дулат Кенжебекович
8. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда PISA және МОДО тапсырмаларын тиімді қолдану. Кусаинова Б.Т.
9. Семинар қорытындысы

Семинар соңында білім бөлімінің әдіскері Қ.С.Атишева қатысушыларға сертификат табысталды.

2025 жылғы 23 желтоқсан күні техникалық шығармашылықты дамыту және оқушылардың ғылыми-техникалық пәндерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Астана қаласындағы №2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының базасында өткен «Matlab Smart Sports Competition» республикалық жарысына Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінен 4 команда қатысып, өз білімдері мен дағдыларын жоғары деңгейде көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша жоғары топта ІІ орынға 7 «Б» сынып оқушысы Гайшунов Денис және 7 «А» сынып оқушысы Шәйкемел Алихан ие болды. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Оларды жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жарысқа қатысқан барлық оқушыларға алғыс хаттар табысталып, олардың белсенділігі мен ізденімпаздығы жоғары бағаланды.

Командалардың дайындығы мен оқушылардың табысты өнер көрсетуіне зор үлесін қосқан Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің информатика пәні мұғалімі Ильдебаева Еңлік Рахимжанқызы.

<https://www.instagram.com/reel/DSokIDzjAhv/?igsh=a3Ztb2Vya202OWN1>

Сонымен қатар, 2025 жылғы қараша айында «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де өткізу жоспарланған «Тарих апталығы» аясындағы мектептер қатысуымен құқық пәнінен сыныптан тыс турнир де ұйымдастырушылық себептерге байланысты өткізілмеді. «Тарих апталығының» басқа айға ауыстырылуы бұл іс-шараның да кейінгі мерзімге шегерілуіне әсер етті. Құқық пәнінен жоспарланған турнир алдағы кезеңде қайта жоспарланып, өткізу көзделіп отыр.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары б.т.Кусаинова 2025–2026 оқу жылының І жартыжылдығында мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында PISA моделіне сәйкес жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, сабақ барысында оқушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты талдау, қорытынды жасау, логикалық ойлау және өмірлік жағдаяттарды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар қолданылды.

Мұғалімдер тарапынан пәндер бойынша PISA форматындағы тапсырмалар іріктеліп, сабақ барысында қолданылды. Әсіресе математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығы бағыттарында практикалық және өмірмен байланысты есептер беріліп отырды. Бұл тапсырмалар

оқушылардың тек теориялық білімін тексеріп қана қоймай, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталды.

«Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-де қараша айындағы апталықты қаңтар айында өткен «Тарих апталығы» аясында кустық деңгейде құқық пәні бойынша сыныптан тыс іс-шара – дебат турнирі ұйымдастырылды.

Турнирге көршілес мектептердің оқушылары қатысып, өз білімдері мен шешендік қабілеттерін көрсетті. Қатысушылар құқықтық тақырыптар бойынша өз ойларын дәлелдеп, пікірталас мәдениетін сақтай отырып белсенді талқылау жүргізді.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыни ойлау және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту. Турнир жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар үшін тәжірибе алмасуға және білімдерін жетілдіруге жақсы мүмкіндік болды.

<https://www.instagram.com/reel/DTzuurcjHXC/?igsh=cWtqMmM3Mm9oMW9t>

«Астрахан ауылы №1 мектеп – гимназиясы» КММ-де 2026 жылдың қаңтар айында 1,2 тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімі төмен сыныптармен жүргізілген жұмыстар бойынша «Білім сапасын арттыруда бағытталған Lesson Study және Astion research (LS және AR) зерттеулерін ұйымдастыру» тақырыбында іс тәжірибемен бөлісті. Білім сапасын арттыру мақсатында іс- әрекетті зерттеу бойынша тізбектелген сабақтар өткізілді. Сындарлы оқыту теориясы – оқыту теорияларының ішінде өмірлік маңызы бар, алған білімді өмірде қолдануға тәрбиелейтін теория. Теория бойынша Lesson Study зерттеу сабағы оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл. «Lesson study» - зерттеу сабақтары мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндік. «Lesson study» - зерттеу сабақтары оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік. К. Ушинский: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады» дегендей ізденісімізді тоқтатпайық.

«Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-де «Тірек мектеп – Магниттік мектеп» жобасының жоспарына сәйкес робототехника бағытында іс-шара өткізілді.

Іс-шараға Астраханка ауылының №1 мектеп-гимназиясының информатика пәні мұғалімі Оспанов Дулат 8-сынып оқушыларымен бірге қатысып, шеберлік сағатын ұйымдастырды. Кездесу барысында қатысушылар робототехника саласы бойынша тәжірибе алмасып, өз жобаларын таныстырды.

Астрахан ауданының оқушылары өздерінің робот жинақтарын алып келсе, Петровка мектебінің оқушылары Vinci Robot және Creator Kit роботтарымен жұмыс істеу мүмкіндігін ұсынды. Қатысушылар үш командаға бөлініп, берілген тапсырма бойынша әртүрлі робот үлгілерін құрастырды. Іс-шараның қорытынды кезеңінде «РобоСУмо» жарысы өткізіліп, нәтижесінде жеңімпаздар анықталды.

Іс-шараның екінші бөлігінде Arduino платформасы бойынша практикалық жұмыс ұйымдастырылды. Петровка мектебінің оқушылары Arduino жиынтығымен танысып, жарық диодтарымен жұмыс істеу арқылы информатика және физика пәндері бойынша білімдерін тәжірибе жүзінде қолданды.

Өткізілген іс-шара оқушылардың техникалық шығармашылығын дамытуға, бағдарламалау және робототехника саласына қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DScehJPjlgx/?igsh=MWZvc2U5MnJraHZ0cA==>

2025-2026 оқу жылында «Петровка ауылының ЖОББМ»КММ 4,9 сынып оқушыларын ББЖМ бойынша дайындық кезеңінде мониторингілеу,тестілеу өткізу барысында мектепшілік арнайы жоспар құрылды 4,9 сынып жетекшілері және пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес ББЖМ (МОДО) бойынша дайындық жұмыстары мектептің педагогикалық және әдістемелік кеңестерінде қарастырылды.Атап айтқанда, **№3 әдістемелік кеңес отырысында** 4 және 9 сынып оқушыларын ББЖМ-ге дайындау жұмыстарының барысы талқыланып, пән мұғалімдеріне әдістемелік ұсыныстар берілді. Кеңесте:

- ББЖМ тест спецификациясымен жұмыс жүргізу;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды сабақта қолдану;
- Қиындық туғызатын тақырыптар бойынша қосымша жұмыстар ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар пән мұғалімдері оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында ББЖМ форматына сәйкес тапсырмалар дайындап, сабақ барысында жүйелі түрде қолдану ұсынылды.

2026 жылдың қаңтар айында мектепшілік жоспарға сәйкес **4–9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді.**

Зерттеу барысында:

- оқу сауаттылығы;
- математикалық сауаттылық;
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бағыттары бойынша тапсырмалар қолданылды.

Нәтижесінде оқушылардың білім деңгейі талданып, пән мұғалімдері әр сынып бойынша қиындық тудырған тақырыптарды анықтады. Осыған байланысты:

- қосымша тапсырмалар әзірленді;
- түзету жұмыстары ұйымдастырылды;
- оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған жеке және топтық жұмыстар жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жалғасуда.

4,9 сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы түсіндірілілді,жүргізілді.

<https://testter.kz/report1>, **Google Forms** платформасы

Осы сілтеме арқылы кіріп қазақша,орысша нұсқасын көруге болатындығы түсіндірілді.

[ttps://testter.kz/report](https://testter.kz/report)

[<a href="https://testter.kz/report1](https://testter.kz/report1)

<https://bit.ly/3xyz123>

Осы сілтеме арқылы кіріп,тест спецификацияларымен танысуға болады
ББЖМ бойынша 4,9 сынып оқушыларына,ата-аналарына,мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4,9 сынып оқушыларынан алынған дайындық тест жұмыстары бойынша нәтижесі шығарылып,пән мұғалімдері оқушылардың қандай тақырыптан,қай оқу мақсатынан қиындық тудырғанын анықтап,қосымша тест тапсырмалары жасалып,оқушылардың қандай деңгейде тұрғандарын анықтап,талдау сараптамаларын жазып,өткізді.

Күзгі демалыс кезінде мектеп тренері Егинбаева Ж.А

Тақырыбы: Функционалды сауаттылық тапсырмасын сабақта ҚМЖ-ға кіріктіру жолдары атты шебер сынып 4-9 сынып жетекшілерімен пән мұғалімдеріне өткізілді.

Мақсаты: Ұстаздарға Функционалды сауаттылық тапсырмасын сабақта ҚМЖ-ға кіріктіру жолдарын үйрету.

Күтілетін нәтиже: Тапсырма мазмұнына қарай оқу мақсаттың айқындайды, сабақтың кезендері бойынша тапсырманы ҚМЖ-ға кіріктіреді.

Мектеп психологі оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізіп тренингтер өткізді.

ДОІЖО

Отениязова Аксана Алдабаевна